

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ

2025-2026 оқу жылына консультациялық пункттің жұмыс жоспары

Мақсаты: ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, педагогикалық ұжымның алдында тұрған міндеттерді бірлесіп шешуге үйрену.

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауаптылар
Ғылыми-әдістемелік бағыт			
1.1	Үйлестіру кеңесінің отырысы	Тоқсанына бір рет	Меңгеруші
1.2	Консультациялық пункттің жұмыс жоспарын құру және бекіту	Қыркүйектің 1-ші аптасы	Меңгеруші, әдіскер
1.3	Жобаларды іске асырудың жүйелі мониторингін қамтамасыз ету	Жыл бойы	Әдіскер
1.4	Ата-аналармен өзара әрекеттесу бойынша педагогикалық ұжымның қызметін әдістемелік қамтамасыз ету	Жыл бойы	Әдіскер
1.5	Жоба жағдайында ата-аналар қауымдастығымен жұмыс істеудің инновациялық технологияларын енгізу	Жыл бойы	Әдіскер
1.6	Педагогтарды ата-аналармен жұмыс істеуде кәсібилігін арттыруға ынталандыру, БАҚ-та жұмыс тәжірибесін тарату	Жыл бойы	Әдіскер
Диагностикалық-аналитикалық бағыт			
2.1	Бейімделу кезеңінде ата-аналарға сауалнама жүргізу	Маусым–тамыз	Тәрбиешілер
2.2	Ата-аналар мен педагогтардың бірлескен жұмыс нәтижелеріне қанағаттанушылығын анықтау мақсатында сауалнама жүргізу	Жыл бойы	Әдіскер
Профилактикалық бағыт			
3.1	Отбасылық қолайсыздықтың алдын алу бойынша жұмыс, әлеуметтік қауіпті жағдайға ұшыраған	Жыл бойы	Топ педагогтары

	отбасыларды және отбасылық қолайсыздықтың бастапқы кезеңдерінде «тәуекел топтарын» анықтау		
3.2	МДҰ-ға ұзақ уақыт бармаған балаларды анықтау, оларды МДҰ-ға қайтару бойынша шаралар қабылдау	Жыл бойы	Топ педагогтары
3.3	Ата-ана жауапкершілігін тәрбиелеу, отбасылық құндылықтарды насихаттау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру	Педагог жоспары бойынша	Топ педагогтары
Консультациялық-ағартушылық, дамытушылық бағыт			
Ата-аналармен жұмыс нысандары:			
4.1	«Меңгеруші сағаты»	Сейсенбі 16:30-17:30	Басшы
4.2	«Әдіскер сағаты»	Дүйсенбі 15:00-16:00	Әдіскер
4.3	Пән педагогтарымен жеке консультациялар	Бейсенбі 14:00-15:00	Пән педагогтары
4.4	«Сұрақтар мен жауаптар кеші» сұрауы бойынша кеңес беру	Тұрақты	Үйлестіру кенесі, педагогикалық ұжым
4.5	Ашық есік күні	Ұйымның жылдық жоспарына сәйкес	Шығармашылық топ
4.6	Жалпы бақшалық ата-аналар жиналыстары	Жоспарға сәйкес	Топ педагогтары
4.8	Оқу жылының қорытындысы бойынша конкурстар өткізу («Ең белсенді ата-ана»); ең белсенді ата-аналарға алғыс хаттарды рәсімдеу	Мамыр	МКҚК басшысы
Топтар деңгейінде ата-аналар қауымдастығымен жұмыс нысандары			
4.9	Ата-аналармен жеке әңгімелесу (сұраныстар бойынша)	Жыл бойы	Топ педагогтары
4.10	Баланың дамуына, оның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге арналған жағдайларды анықтау мақсатында үйге бару	Педагог жоспары бойынша	Топ педагогтары
4.11	Ата-аналарды жеке тапсырмаларды орындауға қосу	Жыл бойы	Топ педагогтары
4.12	Ата-аналар комитетімен, қамқоршылық кеңеспен өзара іс-қимыл жасау	Жыл бойы	Топ жетекшісі, педагогтары
4.13	Мамандармен топтық консультацияларды	Сұраныс	Топ педагогтары

	ұйымдастыру	бойынша	
4.14	Ата-аналар жиналыстары	Педагог жоспары бойынша	Топ педагогтары
4.15	Отбасы күні, Аналар күні, Әкелер күні	Жыл бойы	Топ педагогтары

АНЫҚТАМА

Қоғамдық және отбасылық тәрбие бағыты бойынша 2025–2026 оқу жылындағы консультациялық пункт жұмысының қорытындысы туралы

«Аманат» жеке балабақшасында 2025–2026 оқу жылында қоғамдық және отбасылық тәрбие бағыты бойынша консультациялық пункттің жұмысы жылдық жоспар негізінде ұйымдастырылып, жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Консультациялық пункттің мақсаты – ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, бала тәрбиесіне жауапкершілігін күшейту, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау болды.

Балабақшада 3 топ бойынша барлығы 41 тәрбиеленуші тәрбиеленіп, олардың ата-аналарымен жоспарлы жұмыстар жүргізілді:

- * «Балапан» ортаңғы тобы
- * «Жалын» ересек тобы
- * «Болашақ» мектепалды даярлық тобы

Ғылыми-әдістемелік бағыт бойынша:

Оқу жылының басында консультациялық пункттің жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілді. Жыл ішінде үйлестіру кеңесінің 4 отырысы өткізіліп, жоспардың орындалу барысы қаралды.

Әдіскер тарапынан педагогтерге ата-аналармен тиімді жұмыс жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсетілді. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында кеңестер мен тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылды.

Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты дамыту мақсатында жаңа жұмыс түрлері енгізіліп, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы тұрақты байланыс орнатылды.

Диагностикалық-аналитикалық бағыт бойынша:

Жыл басында тәрбиеленушілердің балабақшаға бейімделу кезеңінде ата-аналар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде балалардың бейімделуіне байланысты ұсыныстар беріліп, жеке жұмыстар ұйымдастырылды.

Жыл соңында ата-аналардың балабақша жұмысына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында қайта сауалнама алынды. Нәтижесінде ата-аналардың басым көпшілігі балабақша қызметіне оң баға беріп, көрсетілетін білім беру және тәрбиелеу қызметтеріне қанағаттанатындықтарын білдірді.

Профилактикалық бағыт бойынша:

Отбасылық құндылықтарды нығайту және бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігін арттыру мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Әлеуметтік жағдайы назар аударуды қажет ететін отбасылар анықталып, олармен жеке жұмыстар ұйымдастырылды. Тәрбиеленушілердің балабақшаға тұрақты қатысуы бақылауға алынып отырды. Ата-аналар арасында бала қауіпсіздігі, денсаулық сақтау, құқықтық мәдениет және жағымды ата-аналық қарым-қатынас тақырыптарында кеңестер өткізілді.

Консультациялық-ағартушылық бағыт бойынша:

Жыл бойы ата-аналарға арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды:

- * «Меңгеруші сағаты» – ай сайын өткізілді;
- * «Әдіскер сағаты» – тұрақты түрде жүргізілді;
- * Жеке және топтық консультациялар ұйымдастырылды;
- * 2 рет Ашық есік күні өткізілді;
- * 3 жалпы балабақшалық ата-аналар жиналысы өткізілді;
- * Әр топта тоқсан сайын ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылды;
- * Ата-аналар комитетімен бірлескен жұмыстар жүргізілді.

Өткізілген тәрбиелік іс-шаралар:

Оқу жылы барысында ата-аналардың қатысуымен төмендегідей тәрбиелік және мәдени іс-шаралар өткізілді:

- * «Менің отбасым – менің бақытым» отбасылық сайысы;
- * Отбасы күніне арналған мерекелік іс-шара;
- * Аналар күніне арналған «Ана – өмір шуағы» мерекелік кеші;
- * Әкелер күніне арналған «Әке – отбасы тірегі» спорттық сайысы;
- * «Бақытты отбасы» фотокөрмесі;
- * «Отбасылық дәстүр – тәрбиенің бастауы» тақырыбындағы дөңгелек үстел;
- * Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік шаралар.

Аталған іс-шараларға ата-аналардың қатысу белсенділігі жоғары деңгейде болды.

Қорытынды:

2025–2026 оқу жылы барысында консультациялық пункттің жұмысы жоспарға сәйкес толық көлемде орындалды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ата-аналардың педагогикалық сауаттылығы артып, бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі күшейді.

Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығайып, ата-аналардың білім беру процесіне қатысу белсенділігі артты. Консультациялық пункт қызметі тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына, қолайлы тәрбиелік орта қалыптастыруға және отбасылық құндылықтарды дәріптеуге оң ықпал етті.

Әдіскер:  Сүйешова

Меңгеруші:  Бергеналиева





